

Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қостанай облысы Әулікөл ауданы Чернигов ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 12 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 желтоқсанда № 9667 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Әулікөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы 2020 жылғы 24 қарашадағы № 01-23/444 ұсынысы негізінде Чернигов ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Әулікөл ауданы Чернигов ауылдық округінің Харьков ауылы аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Чернигов ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2020 жылғы 17 тамыздағы № 6 шешімінің (2020 жылғы 19 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9384 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Чернигов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Әулікөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Чернигов ауылдық округінің әкімі

Т. Ашимов